



БҰЙРЫҚ

29.08.2025

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 365

город Балхаш

**Орта білім беру ұйымдарында
2025-2026 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдерін және
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) сәйкес және «Қарағанды облысының білім басқармасы» ММ-нің 2025 жылғы 22 тамызында шыққан №470 бұйрығын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері айқындалсын:

2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11- сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 9-15 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

002359

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 -сынып оқушылары үшін:

- 1) Математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 29 мамыр;
- 2) Таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) - 2026 жылғы 3 маусым;
- 3) Қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылар үшін – жазбаша жұмыс(мақала,эңгіме, эссе)-2026 жылғы 8 маусым;
- 4) Орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтиханжәне қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша жазбаша емтихан -2026 жылғы 11 маусым.

11-сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2026 жылғы 2 маусым;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;
- 3) қазақ тілі/орыс тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2026 жылғы 12 маусым;
- 5) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысы



К.Дубирбекова